

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ УЎЗІРЛІГІ

ЎЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ

Қазақ тілі және әдебиеті бакалавр тәлім бағдарының
4 курс студенті

Бишеева Ақмарал Бахытовнаның
БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

**Тақырып: Мектепте тіл дыбыстарын үйретуде инновациялық
технологиялардың тиімділігі**

Ғылыми жетекші:

аға оқытушы: Б.Бекниязов

кеңесші ф.ғ.к. Ж.Шаниязов

Кафедра меңгерушісі:

доц.А.Оразымбетов

Нөкіс- 2016 ж

Бітіру мамандық жұмысы Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы мәжілісінің
2016 жыл ____№ _____санды протоколымен қорғауға ұсынылды.

Шет тілдері факультеті

деканы:

ф.ғ.к. доц. Д.Мамырбаева

Кафедра меңгерушісі:

ф.ғ.к. доц. А.Оразымбетов

Ғылыми жетекші:

аға оқытушы: Б.Бекниязов

кеңесші ф.ғ.к. Ж.Шаниязов

Бишеева Ақмарал Бахытовнаның «Мектепте тіл дыбыстарын үйретуде
инновациялық технологиялардың тиімділігі» тақырыбындағы бітіру мамандық
жұмысына мемлекеттік аттестация комиссиясы қарарымен

«____» (____%) қойылсын.

«____» _____2016 жыл

МАК хаткері:

Т.Төрткулбаева

АВТОРДЫҢ АННОТАЦИЯСЫ

Тақырыптың актуальдығы: Білімді ұрпақ - білімді ұстаздың, білікті маманның еңбегінің жемісі. Оқу орнында қызмет атқарып жүрген оқытушылардың кәсіби деңгейінің көтерілуіне, оның жаңа ұстанымға сай болуына, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, бүгінгі білім беру ісіндегі инновациялық процеске тікелей араласуына, бағдарлы білім беруде нәтижеге жетулеріне жағдай жасау - басқарушылық міндет. Әр оқытушының жаңа ізденістермен, жетістіктермен жеке тұлғаны қалыптастыруда сәтті қадам тастауы керек.

Педагогикалық технология жан-жақты дамыған жеке адамды қалыптастыру қызметі болғандықтан, қазақ тілі пәнінде фонетиканы оқытуда оқушылардың еркін пікірлеп, өз бетінше істеуіне, терең білім алуына мүмкіндік жаратады. Тақырыбымыздың көкейтестілігі сол – қазақ тілі сабағына фонетиканы оқыту арқылы интерактив әдістерді енгізіп жедел білім беруші және жақсы нәтиже беретін оқыту жолдарын меңгеру арқылы оқушылардың білім дәрежесін көтеру болып табылады.

Диплом жұмысының мақсаты: Жұмысымыздың негізгі мақсаты – оқушылардың дүниетанымын, ой-өрісінің кеңеюіне, еркін пікірлеуіне мүмкіндік жарататын заманагөй педагогикалық технологиялардың тиімділігін қазақ тілі пәнінде фонетиканы оқыту арқылы дәлелдеп беру. Ал міндеті болса, қазақ тілі пәнінде дыбыстарды, оның жүйелері мен түрлерін заманагөй педагогикалық технология негізінде оқытудың нәтижелілігі жөнінде өз пікіріміз бен көзқарасымызды білдіре отырып, практикалық жақтан тұжырымдап, зерттеу жасап, талдап, жүйелі пікір айту болып табылады.

Диплом жұмысының міндеттері:

- Қазақ тілі дыбыс жүйесін оқытудың өзіндік ерекшеліктерін көрсету;
- Фонетикалық талдауға оқушыларды дағдыландыру;
- Дыбыстардың емлесін оқытудың маңыздылығы;
- Буын жүйесін талдау жолдары көрсету;

Зерттеу объекті мен предметі: Әрбір сабақтың мазмұнды, қызықты өтуі үшін оқытушылар бар білімін, күшін жұмсайды, әр түрлі оқыту әдістерінен пайдаланады. Біз қазақ тілі фонетикасын оқытуда жаңаша әдістерді қолдануарқылы оқушылардың білім, дағды және ұқыптарын дамытуды көздедік. Жұмысымыздың негізгі объекті – заманагөй педагогикалық технология әдістерін фонетиканы оқытуда қалай пайдалану жолдарын үйрету.

Зерттеу объекті ретінде қазақ тілінің фонетика тарауын оқытуда интерактив әдістерді пайдалану ерекшеліктерін алдық.

Бұл мәселені шешуде І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев, А.Бакірова, Ш.Бектұров, Б.Кәтенбаева, Ә.Исабаев, Қ.Хусанбаева, Т.Мейірманқұлова, К.Бұзаубақова, Т.Абдиреймова, Ш.Қудьярова және басқа педагог, тілші-ғалымдардың фонетика және оны оқыту әдістемесіне байланысты еңбектерінен пайдаландық.

Зерттеу методикасы мен әдістері: Бүгінгі заманның педагогика және қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне арналған тәжірибелер, соңғы жылдарда кеңінен қолданылып жүрген оқытудың жаңа инновациялық әдіс-тәсілдері, ғылыми жаңалықтар мен еңбектер, білім берудің мемлекеттік стандарты, оқу тұжырымдамалары, бағдарламалар, оқулықтар басшылыққа алынды.

Зерттеу барысында психологиялық, педагогикалық, әдістемелік және ғылыми зерттеу еңбектерін теориялық талдау, сараптау, қорытындылау, салыстыру әдістері қолданылды. Сондай-ақ, әлеуметтік-педагогикалық, теориялық, тәжірибелік, статистикалық тәсілдер пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалықтары: Зерттеудің жаңалығы тақырыптың көкейтестілігімен байланысты. Фонетиканы оқытудың өзіне тәндігі, оның формалары және қазақ тілін заманагөй педагогикалық технология негізінде оқытудың тиімділігі, дидактикалық ойындарды ұйымдастыру жолдары, әдістері анық мысалдармен түсіндіріп берілді.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы мен ұсынысы:

Қазақ тілі сабағында фонетиканы жаңаша әдіспен оқытудан пайдалану оқушылардың қазақ тіліне болған қызығушылығын арттырып, еркін пікірлеуіне, өз пікірін қорғап, өзгелердің көзқарасына құрмет көрсете отырып білім алуына жол ашады.

Фонетиканы заманагөй педагогикалық технология негізінде оқыту жаңа педагогикалық технология, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың заманагөй технологиясы, қазақ тілі пәндерінен лекция текстерін дайындауда, семинар, практикалық жұмыстарды өткеруде және оқу орнында қазақ тілі оқытушыларының сабақ өтуінде пайдалануына септігін тигізеді.

Жұмыстың құрылысы мен ізбе-ізділігі: Жұмыс кіріспе мен қорытындыдан басқа үлкен екі тараудан және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспеде жұмыстың мақсаты мен мазмұнына тоқталып, негізгі бөлімде фонетиканы оқытудың өзіндік ерекшеліктеріне, қазақ тілі сабағында заманагөй педагогикалық технология әдістерімен оқытуды қалай жүзеге асыру жолдары баяндалып, жұмыста ізбе-іздік сақталған.

Ғылыми жетекші:

аға оқытушы Б.Бекниязов.

кеңесші ф.ғ.к. Ж.Шаниязов.

Студент:

А. Бишеева

К і р і с п е

Білімді ұрпақ - білімді ұстаздың, білікті маманның еңбегінің жемісі. Оқу орнында қызмет атқарып жүрген оқытушылардың кәсіби деңгейінің көтерілуіне, оның жаңа ұстанымға сай болуына, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, бүгінгі білім беру ісіндегі инновациялық процеске тікелей араласуына, бағдарлы білім беруде нәтижеге жетулеріне жағдай жасау - басқарушылық міндет. Әр оқытушының жаңа ізденістермен, жетістіктермен жеке тұлғаны қалыптастыруда сәтті қадам тастауы керек.

«Оқытушы балаларымызға заманагөй білім берсін деп талап қыламыз. Бірақ заманагөй білім беру үшін, алдымен тәрбиешінің өзі де сондай білімге ие болуы керек. Әрине, жаңаша пікірлі адамды тек жаңаша адам тәрбиелеуі мүмкін. Біздің қоғамымызда оқытушы – балаларды келешек жөніндегі армандарымен рухтандыру, келешек идеяларды қазірден бастап негіздеуге үйрену үшін, келешекке сенетін және балаларды дәлелді пікірлерімен сендіретін тұлға» - деген болатын Президентіміз И.А.Каримов.(2.15.)

Бүгінгі күнде Республикамызда тәлім-тәрбие саласына түбегейлі өзгеріс енгізудің бір түрі - «Жеке адамның мүддесі және білім үстемдігін» іс жүзінде қолдану. Осы мәселені шешуде оқытушы-педагогтар алдында қиын да күрделі мәселе тұр.

Жастарды жан-жақты дамыған жетік тұлға ретінде дамыту үшін республикамызда «Білім беру туралы» Заң мен «Кадрлар дайындаудың ұлттық бағдарламасы» істеп шығылып, бұған сәйкес білімдендіру саласына бірқанша өзгерістер енді. Осы жағдайларға байланысты тәлім-тәрбие процесінің мазмұны да жаңаланды. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік білімдендіру стандарты, жаңа педагогикалық технология талаптары істеп шығылып, заманагөй педагогикалық технология әдістері сабақ өту барысында қолданылып жатыр.

Білім берудің негізгі сатысында қазақ тілінің оқытудың мақсаты- ана тілінің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсінген, тілдің қызметін жүйелі меңгерген,

коммуникативтік біліктілігі дамыған дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу. Әрбір тілдік бөлшектердің жалпы тіл жүйесіндегі орнын, маңызы мен ерекшеліктерін ажырата білуіне қажетті іскерлік-дағдыларын қалыптастыру осы мақсаттың бір ғана міндеті. Осы міндетті жүзеге асырудың негізгі құралы - жүйелі, белгілі бір мақсат пен әдіс-тәсілдерге негізделген сабақ.

Бүгінгі таңда экономиканың жедел қорқынмен дамуына байланысты білім беру жүйесінде оқытудың құрылымы, мақсаты мен мазмұны, технологиясы түбегейлі өзгерді. Білім, білік, дағдыны механикалық түрде емес, танымдық қабілеті дамыған және өзін-өзі көрсете алатын жеке тұлғаның ақыл-ойын дамытуда, интеллектін байытуда оқыту технологияларының маңызы зор.

Жас жеткіншектің рухани жан дүниесі мен ой-қиялын дамытып, алғаш рет білімге жол сілтеп, ұмтылдыратын жан - оқытушы. Сондықтан оқытушылар алдына үлкен талаптар қойылады. Ол оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және олардағы бар білім, білік пен дағдыны дамыту міндеттерін комплексті шешу керек. Міне, сондықтан да оқытушы әрбір сабаққа дайындалғанда программаның, методикалық құралдардың көмегімен білімгерлерге қандай негізгі білім, білік, дағдыларын беріп, қалыптастыру керектігін әрбір сабаққа күнделікті жоспар жасау алдында ойланып, жан-жақты ізденуі керек. Әрбір сабақты жоспарлау кезінде оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, қандай тәрбиелік жұмыстар жүргізу керектігін, сабақта оқушыларды білімге талпындырып, оқыту жұмысын ұтымды ұйымдастыра алу жағына ерекше назар аударуы қажет.

Қазіргі сабақтың тағы бір ерекше құнды жағы бар, ол - сабақ мазмұнын саралай отырып, сабақта сөз болатын тақырып мазмұнын аша білу, жаттығулардың ең тиімді дегендерін іріктеп ала біліп, оқытудың ұтымды жолын таңдай білуде жатыр. Үйге берілген тапсырмалар көлеміне, оның күрделілігіне, ауыр-жеңілдігіне ерекше мән беріп, оларды орындау әдістерін түсіндіріп берілуі керек.

Сабақты жоспарлауға қойылатын бұл талаптар оқу-тәрбия жұмысын тұтас қамти алатын сабақ түрін дұрыс таңдауды қамтамасыз етеді. Оқытудың тұтастық принципін сақтау оқытушыға де, білімгерге де уақытты барынша аз жұмсауға септігін тигізеді.

Фонетика қазіргі қазақ тілі білімінің басты саласы болып табылады. Қазіргі қазақ тілінің фонетика саласы тілдің дыбыстық құрамын және оның жүйелі заңдарын тексереді. Фонетика гректің *phonetikos* деген сөзінен жасалған. Қазақша дыбыс мағынасын аңғартады.

Тіл білімінде фонетика адам тіліндегі дыбыстық тіл объектісін зерттейді. Тіл дыбыстары әрбір тілдің өмір сүруінің тәсілі болып табылады. Фонетика тіл дыбыстары және дыбыс заңдарымен ғана шектеліп қоймайды. Тілдегі дыбыстардың, оның құрамын, өзгеру заңдылықтарын зерттейді.

Бітіру мамандық жұмысымыздың негізгі мақсаты да оқу орны білімгерлеріне дыбыстарды заманагөй педагогикалық технология әдістерімен оқытып, үйрету арқылы оларды сауатты жазуға, дұрыс сөйлей білуге, оларды ауызбіршілікке, ұйымшылдыққа баулу болып табылады.

І Т а р а у. Қазақ тілі дыбыс жүйесін оқытудың өзіндік ерекшеліктері

1.1. Фонетикалық талдауға оқушыларды дағдыландыру

Адам баласының тілі - дыбыстық тіл. Жеке тұрғанда мән-мағынасыз көрінетін дыбыстар бір-бірімен ұстасып, берік қиюласып сөзді жасаса, сөздерден сөз тіркестері, сөйлемдер құралатыны белгілі. Бұдан сөздердің қаңқасы да, қаны да, жаны да бар дыбыстар екенін, сөйлеу де жазу да тек осы дыбыстардың арқасында ғана өмір сүретінін аңғару қиын емес.

Тілдің дыбыстық жағы-оның өмір сүру амалы. Тілдегі санаулы дыбыстар сөздік құрамға енетін әлденеше мың сөздің құрамында белгілі бір тәртіппен қиюласып, тіркесіп, қайталу арқылы дыбыс жүйесін, тілдің бет-пішінін, болмысын айқындап, өзге тілдерден ерекшелендіреді.

Сондықтан да оқу орны табалдырығын аттаған алғашқы күннен бастап балалар жеке дыбыстарды айтып, олардың таңбалары - әріптерді жазып үйренеді. Бертін келе дыбыстарды дауыстылар, дауыссыздар деп бөліп, дауыстыларды жуан-жіңішке, ашық-қысаң деп жіктеп, дауыссыздарды қатаң, үнді, ұяң деп топтап, олардың сөз ішінде біріне-бірі ықпал етуін, айтылу және жазылу заңдылықтарын буын, екпін, тасымал сияқты ұғымдарды пайымдайды. Мұны танытатын ғылым фонетика деп аталады.


Фонетика – дыбыс туралы ілім, тілдің дыбыс жүйесін зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Қазақ тіл білімінің атасы А.Байтұрсынов фонетиканы дыбыс жүйесі деп алған. Әзірше бұл екеуі синоним ретінде қатар қолданылып жүр. Дыбыс жүйесі қарастыратын мәселелер: тіл дыбыстарының пайда болуы, олардың түрлері, іштей жіктелуі, сөз ішінде ықпал етуі, буын, екпін, айту, жазу нормалары, орфография, орфоэпия т.б.

Дыбыстардың пайда болу, өзгеру сырларын білмей тұрып, лексикалық та, грамматикалық та құбылыстарға ғылыми түсінік беру, өзімізге оқу орнында таныс қатаңдану, ұяңдану сияқты дыбыстық өзгерістерді түсіндіру, қазіргі жазудың сырын түсіну қиын. Фонетика тіліміздегі бірсыпыра сөздердің пайда

болуын анықтауға, тілдердің арасындағы туыстық байланысты табуға тілдің айту, жазу нормаларын дұрыс меңгеруге мүмкіндік береді.

Ана тіліміздегі дыбыстардың артикуляциясын жетік білу шет тілін дұрыс меңгеру, қазіргі ақпарат, байланыс құралдарын жетілдіру үшін қажет.

Оқытушы фонетикаға алғашқы сабақта одан бұрын өтілген грамматиканың синтаксистік саласы бойынша берілген білімді пысықтай келіп фонетикаға ауысады. Бұл саланың ең басты зерттеу объектісі дыбыс жүйесі екендігі жөнінде оқушыларды хабардар етеді, тілдік дыбыстардың қызметіне олардың артикуляциялық, акустикалық ерекшеліктеріне тоқталады, дыбыстау мүшелерінің қызметі туралы ұғым береді. Бұл сабақтың қортындысында білімгер түсінігі мына жүйеге ұласады:



Дыбыстардың бөлінуі туралы оқытқанда қазақ тілі ғылымының көрнекті өкілдері Қ.Жұбановтың, І.Кеңесбаевтың, белгілі методист-ғалымдар С.Жиенбаевтың, Ш.Сарыбаевтың тұжырымдарын басшылыққа алу шарт.


Дауыссыздың буын құрай алмауы, «дауысты дыбыстың әнге салып айтуға келетіні» туралы тұжырымның шартты екенін ұстаз есте сақтауға тиіс. Сондықтан оқу орнында дыбысты оқыту методикасы талабына сәйкес, дауыстылық, дауыссыздықтың айырмасын олардың жеке дыбысталғанда кедергіге ұшырау-ұшырамауына қарай қарастыру керек. Дауысты дыбыс түсіп қалған жағдайда дауыссыз дыбыс та буын құрау функциясына ие болуы мүмкін.

Ескеретін бір жәйт: дауысты дыбыс жеке дыбысталғанда кедергіге ұшырамайды, оған қосалқы дыбыс элементі қосылмайды, таза айтылады. Ал,

дауыссыз дыбыс жеке дыбыстағанда, қосалқы дауысты дыбыс элементтері алдынан, я артынан дыбыстаушының еркінен тыс қосылып айтылады.

Оқу орнында дауыссыздардың кедергіге ұшыраудан басқа ерекшеліктерін дәлелдеу оқытушыларға қиындық келтіреді. Сондықтан олардың дауыстыдан айырмасын білімгерлерге дәл меңгерту үшін, «және дыбыстағанда кедергіге ұшырайтын, әріптік таңбасын оқығанда қосалқы дыбыс я алдынан (эм), я соңынан (бэ) қосылып айтылу ерекшеліктеріне қарай-дауыссыз дыбыс болады» деп ұғындыру оқушылардың дауыстылар мен дауыссыздарды жаттау жолымен емес, өз әрекеті арқылы саналы түсінуіне мүмкіндік береді.

Осы негізде, білімгердің ұғымы одан әрі былай жүйеленуге тиіс.



Ал дауысты, дауыссыз дыбыстар тобын осылай топтастырудың методикалық тиімділігін оқу орнында жүргізілген эксперимент толық дәлелдеді.

Пәннің оқу дәстүрі мен календарлық жоспарға сәйкес сабақтағы материалды өтіп болып, оны білімгерлер толық ұққан кезде өтілген материалдың мазмұнын бұрынғы схемалық жүйеге қосып, мысалы, дыбыс

туралы жүйені одан әрі күрделендіру керек. Өйткені схеманы ғылыми негізде қолданудың мәні зор.

Схеманың тиімділігі туралы айтқанда, оны пайдалану жүйесін де ұмытуға болмайды. Бірнеше сағаттық материалды қамтитын схеманың алғашқы сабақта іліп қойылуының пайдалы еместігін, оған оқушылардың көзі үйреніп, ынта-ықыласының кемітінін практика дәлелдеді. Сондықтан схема материалдың өтілуіне қарай күрделене түсуі керек, оқытушының өзі қолайлы деген жолмен күрделендіріп отыратын болуға тиіс.

Демек, берілген білімнің жиынтығы ретіндегі схема арқылы білімгер ұғымында жүйе қалыптасады, ол білім тұрақтылығына негіз болады.

Дауысты дыбыстар дыбыстау мүшелерінің қызметіне қарай үш топқа бөлінеді:

1.Тілдің қатысына қарай :

а) Жуан(гуттураль) дауыстылар: а,о,ұ,ы,у

ә) Жіңішке (палаталь) дауыстылар:ә,ө,ү,і,е,у,и

Жуан дауыстыларды айтқанда, жіңішкелермен салыстырғанда, тіл сәл артқа қарай тартылады. (тіл жоғары қарай көтеріледі)

Жіңішке дауыстыларды айтқанда, тіл сәл ілгері жылжиды. Бұған көз жеткізу үшін дауыстылардың жуан және жіңішке сыңарларын (а-ә,о-ө,ү-ұ,ы-і) қатар айтып көруге болады. Дауыстылардың жуан, жіңішке болып бөлінуін дұрыс білмей тұрып тіліміздегі ең күшті заң-сингорманизмді түсіну қиын.

2.Еріннің қатысына қарай :

а) еріндік дауыстылар: о,ө,ү,ұ,у.

ә) езулік дауыстылар: а,ә,ы,і,е,и.

Еріндік дауыстыларды айтқан кезде ерін дөңгеленіп, сүйірленеді де, езуліктерді айтқанда ерін екі жаққа қарай тартылып, езу жиырылады. Еріндік дауыстылардың да тіліміздің байырғы заңы сингорманизмді танып білуде маңызы бар.

3.Жақтың қатысына қарай:

а) Ашық дауыстылар: а,ә.

ә) Жартылай ашық дауыстылар: о, ө, е.

б) Қысаң дауыстылар: ү, ұ, і, ы, и, у

Ашық дауыстыларды айтқанда, астыңғы ерін барынша төмен түседі де, қысаңдарды айтқанда жоғары көтеріледі. Басқаша айтқанда, ашықтарды айтқанда, екі жақ бір-бірінен қашықтай, ауыз ашыла түседі де, қысаңдарды айтқанда ауыз жақындай түседі.

Осы негізде дауыстылардың, дауыссыздардың оқу орны программасына қатысты бөліну жолы былай орналасады.

Жеке талданатын «а» дыбысының:

1. Жеке дыбыстағанда, кедергіге ұшырамай және қосалқы дыбыс қосылмай дыбысталу ерекшелігіне қарай – дауысты дыбыс;

2. Дыбысталу қалпына қарай – жуан дауысты;

3. Жақтың қатысына қарай – ашық дауысты;

4. Езу мен еріннің қатысына қарай – езулік дауысты екендігі сияқты төрт белгісі қатар қамтылады.

Қазіргі қазақ тілінде 26 дауыссыз дыбыс бар: *Б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ф, ц, ч, ш, ы, қ, ң*. Дауыссыз фонемалар акустика-артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай үшке бөлінеді.

Дауыстың қатысына қарай дауыссыздар үш топқа бөлінеді.

а) үнділер: *л, м, н, ң, р, й, у*

ә) ұяңдар; *б, в, г, ғ, д, ж, з*

б) қатаңдар: *п, ф, к, қ, т, ш, с, х, җ, ц, ч*


Қатаңдар мен ұяңдар үнсіздер бөлінеді. Алфавит тәртібін жақсы білген жағдайда дауыссыздардың жіктелуін есте сақтау қиындық тудырмайды. Алғашқы он әріптің үшеуі дауыстылар, қалған жетеуі ұяңдар *б, в, г, ғ, д, ж, з*. Осы жеті ұяңның жеті сыңары болады. *п, ф, к, қ, т, ш, с, х, җ, ц, ч*


Үнділер жетеу. Үш жерде жеті жиырма бір. Қалған дыбыстар қатаң (*х, җ, ц, ш, ч*) қатарынан орын алады. Бұлардың бір-бірінен айырмасы дауыстың салдырдың қатысуы дәрежесіне байланысты. Сонда үнділерде дауыс басым

болады, Ұяңдарда салдыр басым болып, дауыс аз болады. Қатаң тек салдырдан жасалады.

Дауыссыз дыбыстарды классификациялау олардың жеке дыбысталу ерекшелігімен ғана шешілмейді, ол бұған қоса дауыссыздардың сөз ішінде басқа дыбыстармен қарым-қатынасын ескеруді де қажет етеді. Мысалы, «с» дыбысын қатаң дауыссыз дейміз. Бірақ оны жеке дыбыстасак, оның қатаңдығына көз жеткізу қиын. Ал, егер сол «с» дыбысына аяқталған сөзге дауыссыздан басталатын қосымша жалғасак, оның қатаңдығы қосылатын қосымшаның басқы дауыссыз дыбысы арқылы анықталады. Бұл ықпал заңдылығына байланысты қолданыс болғанмен, оны дыбыс жүйесінде де пайдаланған тиімді. Бірақ кейін орфография, сингармонизм заңдылықтарын өту кезінде оның фонетика зерттейтін сол объектілер негізінде қарастырылатынын білімгер білуге тиісті.

Дауыссыздарды классификациялауда к, қ, п, т сияқты дауыссыздардың қатаңдығын қосымша әдіс-амалсыз-ақ дәлелдеу қиынға түспейді, ал, ұяңдығы мен қатаңдығын айыру қиындық келтіретін дауыссыздарды түбір сөздің соңғы дыбысы етіп, оған дауыссыздан басталатын қосымша жалғау арқылы анықтау әдісін қолданған дұрыс болады.





Практикада оқушылардың ұғымына айтарлықтай қиындық келтіретін тақырыптар бар, олар – ұяң және үнді (сонор) дауыссыздар.

Академик І.Кеңесбаев: «Дауыс шымылдығы қасиеті жағынан дауыстыларға ең таяу формалар – үнділер (сонорлар). Соның салдарынан кей уақыт үнді мен дауыстының дауыс шымылдығы қызметі жағынан жігін ажырату тым қиын. Мұндай кезде бұл екеуінің айырма қызметін буынға қатысуы жағынан ажырата аламыз: буын жасаушы болса, дауысты болады да, буын жасай алмаса, дауыссыз болады,» (17.118) – деп сонордың дауыстыдан айырмашылық белгісін көрсеткен.

Оқу орны тәжірибесінде сонордың ұяң дыбыстардан айырмасын білімгерлерге ұғындыру оңай іс емес. Соған қарамастан оған да ғылыми анықтама ұсыну – ұстаздың міндеті. Біздің зерттеуімізге қарағанда:

а) қатаң, ұяң дауыссыздардың әріптік таңбасы жеке дыбысталғанда, оларда қосалқы дыбыс соңынан қосылады: тә, жә, қа, ка, т. б. (с, ф әріптерінен басқалары);

б) сонор аталатын үнді дауыссыздардың әріптік таңбасы жеке дыбысталғанда, қосалқы дыбыс олардың алдынан қосылады: эм, эн, эл, эр;

демек, дауыс қатысатын үнділер мен сонорлардың өзара ұқсастығын және айырмасын (ұяң, сонор болып бөлінуін) түсіндіргенде, басқаша айтқанда, айыра білуге үйреткенде әлгі ерекшелікті білудің пайдасы мол, бұған қоса білімгер дыбыстың таңбасын дұрыс оқуға машықтанады.

Сабақта оқушылардың дыбыс жүйесін қамту дәрежесін байқауға, оны жетілдіруге ерекше назар аударылады. Оларға төте сұрақ берумен қатар, «0-дауысты дыбыс, ол неге дауыссыз емес?», «Ә - ашық дауысты, оның ашық дауысты екеніне не негіз болады?» сияқты сұрақ қою керек. Осы тектес сұрақтарды білімгерлер бір-біріне және өзіне-өзі қойып жүрсе, ол дағдыға айналса, дыбыс жүйесін қамту дәрежесі артады.

1.2. Дыбыстардың емлесін оқытудың маңыздылығы

Қазақ тілі сабағында өтілетін грамматикалық материалдар жоғары оқу орындарындағы қазақ тілінің жүйелі курсымен тығыз байланысты түрде, сол ұғымдарды меңгертуге дайындық боларлықтай грамматикалық дағдыларды қалыптастыру негізінде оқытылады. Бірінші күннен бастап балалардың сөз қорын анықтау, оларды сөйлеуге үйрету, сөзді не сөйлемді грамматикалық мәдени сөйлеу нормасына сәйкес айтқызу жұмыстары практикалық жолмен іске асырылады.

Дыбыс туралы кеңірек, көлемді түсіндіріледі. Себебі сөз бен буынды дыбыстарға ажырата білу, жеке дыбысты дұрыс естіп, дұрыс айта білу – сауатты жазудың басты шарты болып табылады.

Оқу орны тәжірибесінде білімгерлер көбіне қатені жуан және жіңішке дауысты дыбыстардың емлесінен жібереді. Мысалы, *нан-нән, тыс-тіс, ұн-үн* сөздерін естілуі бойынша қате жазады.

Ал олардың көпшілігінің қате жіберу себептерінің бірі – дыбыстарды дұрыс айтып, сөзді буынға, дыбыстарға дұрыс ажырата білмеу салдарынан екендігі анықталды. Ендеше оларға дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке айтылуы мен жазылуын мұқият үйрету қажет. Мысалы, 1) *а* мен *ә* дыбыстарының қалай айтылуын сөз ішінен ажыраттыру, осы дыбыстар

оқытушының айтуында қалай естілуін байқату және осы дыбыстары бар сөздерді қатар келтіріп, мағына айырмашылығын түсіндіру, сондай сөздерді балалардың өздеріне тапқызып, тақтаға жаздырады. Жуан және жіңішке жұп дауыстыларды дәптерлеріне жаздырып, жаттату; 2) Бірі жуан *a*, бірі жіңішке *a*-мен айтылатын сөздерді тақтаға жазып қойып, әріптердің астын сызу, ол сөздерді мағынасына және жазылуына қарап салыстырып шығу, тиісті сөздердің дыбыс құрамын ажыраттырып буын жігімен талдатып кітаптан көшіріп жаздыру жұмыстары жүргізіледі.

Сондай-ақ *у* мен *ү* дыбыстарын бір-бірінен айыра біліп, біріншісі жуан буында, екіншісі жіңішке буында жазылып, соңғы буындарда *ү* естілгенмен, *i* жазылатынын мысал арқылы меңгертеді.

Келесі сабақта *ы* мен *i* дыбыстарын бір-бірінен айыра біліп, олардың емлесін меңгереді.

Бұл орфограммалар, бір жағынан, сөздерді буын және дыбыс жіктерімен талдау арқылы үйретілсе, екінші жағынан, сөздерді мағына жағынан салыстыру арқылы үйретіледі. Мұндай сөздерді үйретудің негізгі әдісі естілу өзгешелігі ескеріліп, салыстыру тәсілі арқылы байқатылады. Сөздегі дыбыстардың жуан, жіңішке екенін ажыраттырып тиісті сөздерді оқушылардың өздеріне тапқызу керек, түрі ұқсас айтылуы өзгеше фонемалар арқылы айыратын сөздерді жазып, ауызша айтқызу, ұқсас сөздерге мысалдар ойлату, сол сөздерді текстен тапқызу, үйретіліп отырған емле ережесі кездесетін сөздерді ең әуелі дыбыс жігімен талдатып алып, жатқа жаздыру жұмыстарын жүргізу керек.

Тілімізде дыбыстары құбылып айтылатын орфоэпия бойынша айтылатын сөздер бар. Бұндай жағдайда үйретуге тек есту дағдысына сүйену аздық етеді. Бұлай етсе балалар дұрыс қатесіз жазуға үйрене алмай қалады. Мысалы, *құлын*, *жұлын*, *күрек*, *жүрек* деген сөздердегі езулік *ы* мен *i* дыбыстары, алдыңғы (еріндік) *ұ-ү* дыбыстарының ықпалымен *ө* болып естілуі бойынша жазылады. (*күлүн*, *күрөк*). Мұндай жағдайда балалар дұрыс жазуға морфологиялық принцип бойынша, грамматикалық ережеге сүйене отырып, үйретілуі тиіс.

Грамматикалық ұғымдар жөнінде түсінік беру үшін, түсінгендерін есте берік сақтау үшін суреттен тұратын қима қағаздар ретінде материалдар берілгені ұтымды. Әр балаға жеке-жеке таратып берілетін қима қағаздар ретіндегі материалдарды белгілі бір тақырыпта меңгеру мақсатына байланысты үш топқа бөлуге болады. Бірінші топтағы үлестірмелі материалдар сөздік жұмысын игертуге арналады. Ол – жеке суреттен тұратын материалдар. Мысалы, гүлдің, үйдің тағы басқа заттардың суреттерін пайдалануға болады. Бұл суреттерді оқытушы сабақ мақсатына сай өзі әзірлеп келуіне де болады.

Оқытушы осы жеке суреттерді балаларға таратып береді, берілген сурет бойынша олармен әңгімелеседі. Сұрақ қойып сол сұраққа жауап алу арқылы оқушылардың сөздік қорын молайтып, тілін дамытады. Суретте берілген заттың атын атап, жазу дәптерлеріне жаздырады. Осылай жаттықтырып сөздерді дұрыс жазуға машықтандырады.

Енді бір үлестірмелі дидактикалық материалдар сөйлем құрастыру мақсатында беріледі. Мысалы, гүлге су құйып тұрған балалардың суреті, партада отырған білімгердің суреті, не болмаса қимылды бейнелейтін суреттер таратып берілуі керек. Бұл сияқты суреттерден тұрған дидактикалық материалдарды грамматикалық ұғымдарды меңгертудегі түрлі мақсатта немесе сөйлем құрастыруға тапсырма ретінде беруге болады.

Үшінші топқа мазмұнды сурет бойынша орындалатын материалдарды жатқызуға болады.

Дидактикалық материалдарды грамматикалық тақырыпқа лайықты пайдалану нәтижесінде білімгерлер сөздердің бірнеше топқа бөлінетінін байқайды.

Жуан да жіңішке де айтылатын дауысты дыбыстар *и, у*.

Дауысты дыбыстың құрамында көрсетілген «у» дыбысы дауысты дыбыстан кейін келгенде буын құрай алмай, үнді дауыссыз дыбыс болады. Сөйтіп «у» дыбыс әрпі бірде дауыссыз дыбыс, бірде дауыссыз дыбыс қызметін атқарады.

«У» және «и» дыбыс әріптері кейде жуан, кейде жіңішке болып айтылатындығы практикалық жолмен үйретіледі. Мысалы, *тауық, киім*.

Дауысты дыбыстардың, әсіресе, ұ, ү, ы, і, у, и, я ю әріптері мен дыбыстарының емлесін білмейтін білімгерлер оқу орнында көбірек кездеседі. Осы жайды ескеріп, дауысты дыбыстардың емлесін өткенде, бар мүмкіншілікті қолдана отырып, көрнекі түрде өту аса қажет. Білімгерлерге жаттықтыру жұмыстарын, қатеден сақтандыру диктанттарын орындатқан жөн.

Ә, ө, ұ, ү әріптерінің кейбір сөздерде ғана соңғы буындарында жазылатыны, ал басқа сөздердің соңғы буындарында ә естілсе *а*; ө естілсе, *е*; у естілсе *ы*; ү естілсе *і* әріптері жазылатыны түсіндіріледі.

Ы, і әріптерінің емлесін өткенде, бұл екеуін бір-бірінен анық айыра білу үшін екеуін салыстыра отырып түсіндірген жақсы.

Тыс-тіс Қорық-көрік

Ыстық-істік Борық-бөрік

Қырыс-кіріс Қоңыр-көмір

Ысқыр-іскер Жыр-бір.

Бұдан соң *ы, і* әріптері барлық буындарда жазылатынын *халық, орын, әріп, ерін, бөрік, ерік* деген сөздерге тәуелдік жалғауын, сол сияқты *ы, і* дыбысына бітетін етістіктерге-у жұрнағы жалғанғанда, соңғы *ы, і* әріптері түсіріліп жазылатынын білімгерлерге баса айту керек.

Сабақта дауысты дыбыстардың жалпы емлесіне бағынбайтын *сірә, куә, кінә, інкәр, кінәрат, күнәкар, мазмұн, бұлбұл, мақұл, мағлумат, басқұр, қаламуш, жазғытұрым, дүлдүл, мәжбүр, дәстүр, бүрсігүкі, еңбеккүн* деген сөздерді, тәуелдік жалғауы жалғанғанда түбірдің соңғы буынындағы *ы, і* әріптері түсіріліп жазылатын *халық, орын, бөрік, ерік, әріп, ерін* сияқты сөздердің жазылуындағы ерекшелікті оқушылардың естерінде сақтап қалуын қамтамасыз ету қажет. Ол үшін осы сөздерді қатыстыра отырып ескертпе диктант жүргізіледі.

Ережеміздегі ең күрделі мәселенің бірі *и* әрпінің емлесі. Сондықтан *и*

әріпінің емлесін түсіндіруге көбірек назар аудару керек. Күні бұрын оқушылардың түсінуіне жеңіл келтірерліктей көрнекі құрал әзірленеді. Ол көрнекі құрал мынандай:

Сыйыр-сиыр Ійек-иек

Быйыл-биыл Тийек-тиек

Қыйын-қиын Кіім-киім

Жыйын-жиын Іймек-имек

Сыйпат-сипат Кііз-киіз

Тыйын-тиын Бйік-биік

И әрпінің алдына ы, і әріптері жазылмайды. Осы кестені тақтаға іліп қойып, ый, ій дыбыстарының орнына жалаң и жазылатынын и әрпінің алдына ы, і әріптері жазылмайтынын ұғындырсақ, білімгердің есінде нақ қалады да, и әрпінің жазылуынан қате жібермейтін болады.

Сабақтың екінші жартысында қосарлы *ый* әріптерімен жазылатын сөздерге арналып жасалған таблицаны пайдалана отырып, қосарлы ый тек қана тый, сый, деген екі сөзде және осы екі сөзден өрбіген туынды сөздерде жазылатынын оқушылардың есінде қалдыру керек.

Оқушылардың қосарлы ый әріптері жазылатын сөздерді ұмытпауы үшін дәптерлеріне олардың тізімдерін жаздырамыз.

Я, ю әріптерінің емлесін түсіндірерде тақтаға

$\dot{Й}+а=я \dot{й}+у=ю$

қойан-қоян ойу-ою

Айақ-аяқ айу-аю

Тайақ-таяқ Қойу-қою

деген сөздерді жазып, олардың я, ю әріптерінің емлесі жөнінде бастауыш оқу орнында алған білімін еске түсіреміз. Сонан соң и әрпінің алдына ы, і әріптерінің жазылмайтыны сияқты я, ю әріптерінің алдында ы, і әріптері жазылмай олардың орнына жалғыз и ғана жазылатыны мысалдармен дәлелденеді.

Ескерте кететін бір жай: бұл ережеге бағынбай я, ю әріптерінің алдында ы жазылатын-*сый, тый* сөздерінің барлығы. Бұл екі етістік көсемше мен тұйық етістікке айналғанда, яғни у, а жұрнақтары жалғанғанда я, ю әріптерінің алдынан әрқашан ы жазылады: *сый+у=сыю, сый+а=сыя, тый+у=тыю, тый+а=тыяды*.

Дауысты дыбыс әріптерінің емлесін толық өткеннен кейін оқушылардың түсінуіне жеңіл, есте сақтауына ықшамды болу үшін и, у, я, ю әріптерінің бұрын *ы, і* әріптері жазылмайды деген қорытынды шығару керек.

Бұлай жинақтап қорыту - оқушылардың жазу жұмысына жеңілдік келтіреді.

Тіліміздегі дыбыстардың емлесін оқытуға байланысты оқулықта берілген материалдардың жүйесін сақтай отырып, сондай-ақ қосымша методикалық көмекші құралдардағы дауысты дыбыстардың емлесін үйрету үшін алынған мысалдарды пайдалану қажет. Әрбір дауысты дыбыстың емлесін үйретуде тек сөздің басында қолданылатыны ғана емес (*алмас, алмалы, арпа*), сол әріптің сөздің басында, ортасында, аяғында келетінін де мысалдар арқылы дәлелдей түсу қажет. Сабақты түсіндіру кезінде білімгердің өзіне мысал ойлатып, сабақты жандандыруға, оқушыларды белсенді түрде жұмыс істеуге дағды беру көзделінуі тиіс.

Кейбір емлелік жағынан айрықша ерекшелігі бар сөздерді дәптеріне жаздырып қою керек. Мысалы: мына сөздердің жазылуын есінде сақтау: *куә, кінә, сірә, іре, мә, жә, мәрмәр, іңкәр, замзәм, зәрбу, забір, зәулім, кәде, кәмелет, кәдімгі, мәңгі-бақи, мәре-сәре, рәсуа, әліпте, бәсеңсу, бәсіре, тәуекел*.

Дауысты дыбыстардың емлесін өткен кезде әрбір дыбыстың айтылуы мен жазылуын қатарластыра айтып отырған жөн, өйткені әдеби тілдің орфографиялық және орфоэпиялық нормасын саналы түрде игеру тіл білімінің «Фонетика» бөлімін дұрыс өтуге тікелей байланысты. Сондықтан да білімгердің сауатты әрі өз ойын дұрыс айта алуы сол тілдің дыбыстық жүйесін жақсы біліп меңгеруінен деп айтуға болады.

Әрбір дауысты дыбысты оқыту барысында олардың қандай-қандай ерекшеліктерін барлығына білімгердің назарын айрықша аударту қажет. Тәжірибеде білімгер е, ю, я әріптерін дыбыс деп айтатынын кездестіруге болады. Мұндай жағдай болмас үшін сабақта түрлі кестелер қолданған жөн.

Дыбыс	Әріп	Қазақ тілінде	Термин сөзде
Й+о	-е	яғни, бояу	ёлка, монтёр
Й+я	-я	тақия	ядро
И+у	-ю	жаю, көркею	юнкер, этюд

Алынған осы сияқты мысалдарды түсіндіру кезінде сөздің айтылуы (иағный) мен жазылуына (яғни) орфографиясы мен орфоэпиясына ерекше назар аударған жөн.

Қазақ тілінде, я, ю, әрпінің алдында көбінесе и әрпі жазылады. Бұл - қазақ орфографиясының негізгі заңдылығы.

қи қию

+у=

Жи жию

қи қия

+а=

Жи жия

Бірақ бұл ережеге ескерту беру керек, онда қазақ тілінде я, ю әріптерінің алдында тек қана сөздерге ғана –и емес, –ы жазылатынын таблица арқылы көрсеткен артық болмайды.

Сияды сыю

Сияпат ю сыюы

Тыяды тыюы

Егер оқытушы бұл сөздердің емлесі есте сақтылсын десе, әр сөзде сөйлем ішіне ендеріп, ауызша талдау жасатып отыруы қажет. Мысалы: *Келген қонақтарға тиісті сый-сыяпат көрсетіледі.*

Дауысты ы, і әріптерінің емлесін үйреткен кезде ы, і дыбысының артикуляциялық, акустикалық ерекшелігін еске ала отырып бұл дыбыстардың әрі қысаң, әрі келте (қысқа) айтылатындығын ескерту артық болмайды. Мәселен, орыс ғылымдары әр дыбыстың қандай ерекшелікпен айтылатынын дер кезінде ескертеді. Әр дыбысты түсіндіру кезінде қандай ерекшелігі бар екенін көрсетіп, ескертіп, тиісті мысал беріп, қалай айтылады, қалай жазылады, соны көрсетіп отырады. Ал қазақ тілінде дыбыстарда болатын осындай ерекшеліктерді көрсетуге келгенде бұл мәселеге өте жеңіл қараймыз, мұндай мәселеге көңіл болуді ұсақ-түйек деп есептейміз.

Сөйтіп, оқушылардың сөзді, сауатты жазып, дұрыс айта білу дағдысын қалыптастыруға жеңіл қараймыз. «Қалай айтсаң, солай айта бер» деп ерік беріп қойған сияқтымыз.

Дауысты ы әрпі қазақ тілінде қысқа, келте (батыр, абырой) айтылады, орыс тілінде созылыңқы (школы, порты) айтылатынын ескерткен жөн. Қайта, әр тілдің өзіндік ерекшелігін біле түседі. Қазақ тіліндегі қысаң ы, і дыбыстарының мынадай ерекшеліктерін ескере отырып сабақ жүргіземіз.

1) ы, і дыбыстары орын талғамайды, сөздің барлық жерінде келе береді. Мысалы: *ынтымақ, ыңғайлы, ірімшік, іріткі.*

2) кейбір сөздерге қосымша қосылғанда түбір сөздегі ы, і түсіп қалады. Мысалы:

Дауыс+ы= даусы ойын-ойна

Халық+ы=халқы қорық-қорқу

Ерік+і=еркі ауыру-ауру

Көрік+і=көркі бұйыру-бұйру


Білімгер бұл сөздердің мағынасын түсініп, жазуда қате жібермеу үшін оқытушы кейбір сөздерді сөйлем ішіне ендіріп, баланың түсінуіне жағдай туғызуы қажет. Мысалы: *а) Ер бір рет өледі, қорқақ мың рет өледі. ә) Қорыққанға қос көрінеді. б) Гриппен жиі ауыру жақсы емес. в) Арық семіреді, ауру жазылады.*

Қорыта айтқанда, дауысты дыбыстардың емлесін білімгерлерге дұрыс үйрету олардың қазақ тілін дұрыс меңгеруіне мүмкіндік жаратып, олардың сабаққа деген қызығушылығы артып, белсенділігі, сауаттылығы күшейе түседі.

1.3. Буын жүйесін талдау жолдары

Білімгерлерге меңгерту үшін буын жүйесін мына тұрғыда қабылдауды ұсынамыз.

Білімгерлерге буындық жік-кідіріс әліппені оқытудан бастап үйретіледі. Сондықтан білімгерлерге буын түрлері туралы түсіндіру қиындық келтірмейді.



Біздің сөзіміз айтылуы жағынан ең кішкене буындарға ажырайды. Жанып тұрған май шамға жақын отырып, сөйлегенде, ол жалт-жалт етіп тұрады. Мұның өзі сөздің буын жігін аңғартады. Өйткені ауа сөздің құрамындағы дауыстыларды айтқанда еркін шығады да, дауыссыздарды айтқанда кедергіге ұшырайды. Сонда буын өкпеден келе жатқан ауамен тікелей байланысты болады. Буын осы ауаның кілт үзілуінің, не кедергіге ұшырауының

нәтижесінде пайда болатын жеке дыбыстар тобы. Қазақ тілінде буынның маңызы ерекше. Дыбыстық негізгі заңдар осы буынның төңірегінде өрбиді. Сондықтан оқу орны білімгерлеріне буын тақырыбы бойынша программалық мағлұмат толық беріліп болған соң, оған байланысты мына мәселелерді қарастырған дұрыс.

1. Алдымен буынға тән сипаттарды ұғындыру керек:

а) Буын болу үшін оның құрамында дауысты дыбыс болуға тиіс. Сонда сөздің құрамында қанша дауысты фонема болса, сонша буын деген сөз. *Балаларға* дегенде төрт буыннан (*Ба-ла-лар-ға*) тұрады. Бір фонема бірнеше буынның құрамында келеді.

ә) Буында мағына болмайды. Кейбір сөздердің әр бір буыны лексикалық немесе грамматикалық мағынасы бар бөлшектерге тура келіп қалады. Мыс: *ат-ты-лар*. Бірінші буыны *ат* түбірі, екінші буыны-*ты* сын есім тудырушы жұрнақ. Үшінші буыны *-лар* көптік жалғау, ал төртінші буыны-*ға* септік жалғау. Буында мағына болу міндеті емес: *ба-ла-ла-ры-на, а-ты-ңа* т.б.

б) Тіліміздегі байырғы сөздер бірыңғай жуан не жіңішке буынды болып келеді. Егер тіліміздегі аралас буынды сөздер кездесетін болса, онда олар кірме сөз болғаны. *Мұғалім, қабілет, қажет, педагог* т.б. Буынның жуан, жіңішкелігі дауыстыларға байланысты.

в) Тіліміздегі байырғы сөздер сондай-ақ буындар да қос дауыссыздан басталмайды. Орыс тілінен енген біраз сөздер біздің тілімізде жазылуы соның айғағы: бөрене (бревно), жеребе (жребий), кереует (кровать). Қазан төңкерісінен бергі жерде орыс тілі арқылы енген сөздер екі тіпті үш дауыссыздан бастала береді: стиль, спорт, станция, процент т.б.

г) Қазақ тілінде буын ғана дауыстыдан басталуы мүмкін, қалған екінші, үшінші буындар дауыстыдан басталмайды.

1. Бір дыбысты: а-та, ә-же, а-па, і-ні, а-ла
2. Екі дыбысты: ба-ла, қа-ла-да, та-за-ла.
3. Үш дыбысты: бас, бет, сөз, өрт, акт, тас-тақ.
4. Төрт дыбысты: қант, төрт, былқ, жалт, жылт

Тіліміздің байырғы сөздердің дыбыстық құрамы төрт дыбыстан аспайды. Ал орыс тілі арқылы енген сөздерде буын бес, тіпті алты дыбысты да бола алады.

5. Бес дыбысты: пункт, спорт, текст, скетч

2. Сөздердің буын құрамын білімгерлерге толық үйреткен жөн.

Тіліміздегі сөздер құрамындағы буынның түрлеріне қарай мынандай болып келеді.

1. Бірыңғай ашық буынды сөздер: а-на-ла-ры-на, қа-ла-да-ғы.

2. Бірыңғай тұйық буынды сөздер: жат-тық-тыр-ған-дар-дың, тас-тай, жас-тар-дың, сөй-лес.

3. Аралас буынды сөздер: а-на-ла-ры-мыз-дың, айт-қан-дар-ын.

Буын негізінен үшке бөлінетіндігін мына кесте арқылы түсіндірген тиімді болады.

Ашық буын	Тұйық буын	Бітеу буын
А	АВ	ВАВ
ВА	АВВ	ВАВВ
ВА		ВВАВ
ВВВА		ВАВВВ

Ашық буын. А буыны әр уақытта сөзді бастауыш буын болады да, келесі буынмен араласпай, өз қалпын сақтап тұрады. ВА буыны дауыссыз және дауысты сөздің әр жерінде ұшырайды. Көп буынды сөздерде аз қалпын сақтап тұрады. мыс: *қа-ла, қа-ла-лар, қа-ла-мыз*. Сөздің соңында келгенде, түбір сөзге жалғыз дауыссыздан тұратын қосымшаларды өзіне тартады.

Ашық буын жеке дауыстыдан тұратын немесе дауыссыздан басталып дауыстыға бітетін буын. Мұның дыбыстың құрамы:

1. А: а-на, ә-же, е-не, о-қы, ө-ре, ұ-зақ.

2. ВА: ба-ла-сы, бі-лі-мі, де-не, та, те, да-ла

3. ВВА; ста-нок, ста-кан, сти-мул

4. ВВВА: стра-тег, стра-тегия, стра-тосфера

Тұйық буын. Тұйық буын соңы дауыссызға аяқталатын буын. Дыбыстық құрамы:

1. АВ: ат, ай, ән-дет-ті, ой-лан-ды, үй.

2. АВВ: ант, өрт, ұлт, ыр-ыр

Түбір морфема түрінде жеке және сөздің басқа буынында ғана кездеседі. Түбір морфема ретінде дауыстыдан басталатын қосымша морфемаларды қабылдағанда құрамындағы дауыссыз қосымшаға жылысады: *а-ры, ар-ым, а-ға, а-ша-ды.*

АВВ буында түбір түрде және сөз басында ғана айтылады. Бұған да түбірге дауыстыдан басталатын қосымша қосылғанда, соңғы дыбыс қосымшаға өтеді. *Ан-ты, ан-тым, ай-тып.*

Бітеу буын. Бітеу буын дауысты дыбыстың екі жағында дауыссыз дыбыстар тұрады:

1. ВАВ: бас-тар, бас-тық, тас-тай, бұл-бұл-дар

2. ВАВВ; қант, былқ-былқ, жалт-жұлт

3. ВАВВВ: пункт, центр, фильтр, текст

4. ВВАВ: шкаф, шлаг, шлем, шлюэ, крем, штаб

ВАВ жеке сөз ретінде де сөздің барлық позициясында да қолданылады. Жеке сөз және көп буынды сөздің соңғы буыны болып келгенде оның соңғы дыбыс дауыстыдан басталатын қосымшаға жылжиды. *Қо-лы (қол-ы), қо-лым (қол-ым), кө-зі (көз-і).*

ВАВ бұл буын жеке сөз түрінде еліктеуіш және азғантай есім сөздерде де болады. (*қант, жент, бұлт, кілт*). Бұлардың соңындағы қос дауыссыздың алдыңғысы үнді, соңғысы қатаң болу міндетті.

Бұл қарастырылған буындар тіліміздегі байырғы сөздердің құрамында кездеседі. Сонда ашық буындарға жалаң дауыссыздан тұратын қосымшалар қосылғанда тұйық буын пайда болады да, тұйық буындарға дауыстыдан басталатын қосымша жалғанғанда буын соңындағы дауыссыз қосымшаға өтеді. Қысқасы қарым-қатынасқа түскен буындар өзінің бастапқы қалпын бірде сақтап,енді бірде өзгертіп отыруға мәжбүр болады. Мұндай заңдылықтар орыс

тілі арқылы енген сөздердің құрамындағы буындарға да қатысты. мыс: *машинам, уни-вер-си-тет, инс-ти-тут-тық*.

Қазақ тілінің дыбыс және буын құрамына орыс тілінің ықпалын ескеру керек. Егер байырғы сөздеріміздің буын құрамы А, ВА, АВ, АВВ, ВАВВ түрде ұшыраса, ендігі жерде мұның саны екі есе артты. Тілімізде бес, алты дыбысты буындар пайда болды. Қазақ тілінде дауыссыздардан басталатын буындар үнемі сөзді бастап тұрады: а, ә, ас, ат, ант, ұлт, ас-қа, ат-қа. Сондықтан да бірінші буыннан басқа буындар дауыстыдан басталмайды. Оның үстіне қазақ тілінде байырғы буындар қос дауыссыздан басталмайды дедік. Осы қағиданы білімгерлер жазу және сөйлеу барысында берік ұстаса, сөздерді буынға бөлу қиындық туғызбайтындығын айта кеткен дұрыс болады.

П Т а р а у. Қазак тілі дыбыс жүйесін оқытуда инновациялық технологиялардың тиімділігі

2.1. Дауысты дыбыстарды оқытуда жаңа педагогикалық технологияның тиімділігі

Ғылым өзін-өзі түзете отырып, үздіксіз ілгері жылжи береді. Бұл түзету – жемісді түзету. Ғылым мен техниканың дамуы білім беру жүйесіне тың серпілісті әкелді. Оқытудың жаңа мазмұны әрбір оқытушының өз мамандығының сапа деңгейіне, әдістемелік тәжірибесіне шығармашылықпен қарауына мүмкіндік береді. Технология амал-әдістердің жиыны, іс-қимыл, қызметпен әрекеттегі адамның шеберлігі, өнері. Педагогикалық технология – оқу әдісін жүзеге асырудың техникасы, педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс-тәсілдер. (*В.П Беспалько*). Жаңашыл педагогтар: Ш.А. Амонашвили мен В.Н. Ильин ізгілендіру мен жариялылық технологиясын қалыптастырды. Балаларға ізгілік тұрғысынан қарап, оның болашағына, қабілетіне сенім білдіріп, кемшіліктеріне шыдамдылық көрсетіп, ұстаздық сүйіспеншілікпен ішкі жан дүниесіне үніле білу қажеттігін ұсынды. Оқытушы мен білімгердің қарым-қатынастарын ізгілендіруде өзіндік көзқарасын білдіруіне тыйым салмау, бағыт беру, тең дәрежеде ой бөлісу, еркін тандау мүмкіндігін беру жүзеге асырылады. Жапондықтардың балаларға дауыс көтермей, болашағына сенім білдіруі, олқы істеріне кешіріммен қарап, еркіндік беруі – ізгілендірудің үлгісі екендігі белгілі, осының нәтижесінде техниканың озық үлгілерімен бүкіл әлемге әйгілі мемлекет болып отырғаны мәлім.

Ынтымақтастық педагогикасы – тәжірибелі ұстаз бен жаңалыққа жаны құштар шәкірттің бір-біріне ізгілік қарым-қатынасы. Баланың тұлға ретінде дамуына оқу орны ұжымы, ата-ана, мұғалімдер арасындағы ынтымақтастықтың әсері зор.

Жаңашыл педагогтардың озық идеялары мен тәжірибелері оқу әдісінде оқытушылар тарапынан қолдау тауып отырады. Атап айтсақ, В.Ф Шаталов технологиясының басты принципі: кезеңдік бақылау, үздіксіз қайталау, ірі

блоклар бойынша оқыту, тірек сызбаларды пайдалану, жеке тұлғаны жетістікке жетелеу, күш түсірмей оқыту, тәрбиемен байланыстыру.

А.Ф.Шаталов теориялық білімді беруді, тақтада баяндауды, сызбалар арқылы түсіндіруді, тірек конспектісі бойынша жұмыс жүргізуді ұсынады.

В.Ф.Шаталовтың технологиясына сүйене отырып, қазақ тілінен өтілетін тақырыпқа тірек сызбалар жасап, сабақта пайдаланып жүрміз. Сызбалардың оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілетін дамытатынын тәжірибе көрсетіп отыр. "Дауысты дыбыстардың жіктелуі" тақырыбын түсіндірмей тұрып дыбыстардың жасалу жолдарына көңіл бөлеміз. Фонетика - тілдің дыбыстық жүйесін зерттейтін тіл білімінің бір саласы екендігін естеріне түсіре отырып, дыбысты қарастырудың үш аспектісіне назар аударамыз.

1. Анатомия — физиологиялық
2. Лингвистикалық (функциональды)
3. Акустикалық (физикалық)

Дыбыстың анатомия-физиологиялық ерекшелігін ұғындыруда пәнаралық байланысқа көңіл бөлген жөн. "Тәнтану" оқулығындағы "Ауа жолы", "Тыныс алу жолы" кестесін сабақта пайдаланып, дыбыс жасаудағы сөйлеу мүшелерінің ерекшелігін айқындай отырып, оқушылардың көру, есту қабілетін арттырамыз. Дыбыстау мүшелерінің мағыналы сөздер жасаудағы қызметін білімгерлер кесте мен тірек сызбадан айқындайды. Бұл тәсіл арқылы олардың көру, есту қабілетін арттырамыз.

Белгілі ғалым Ш.Бектұров: "Тіл дыбыстары дыбыстау мүшелері арқылы жасалады. Мұны дыбыстау аппараты деп атаймыз" - дей келе, дауыс шымылдығы (желбезек) таңдай, тіл, тіс, ерін т.б сөйлеу мүшелерін дыбыстау мүшелеріне жатқызады. (6. 24.)

Оқушыларды назарына осы еңбекті ұсына отырып, дыбыстау мүшелерінің қызметіне көңіл аудартамыз. Кейбіреулер дыбыстардың жасалуына мән бермей, жаттап алуға дағдыланады. Осы әдеттен арылту мақсатында білімгерлерге айна алдырып, "Айнаға қарау" әдісі арқылы сөйлеу мүшелерінің қызметін айқындатамыз. Дыбыстау мүшелерінің дыбыс жасаудағы ерекшелігін

айна арқылы бақылауды талап етеміз. Еріндік дыбыстарды айтқанда, еріннің сүйірленіп, ілгері жылжитынын, езулік дыбыстарды айтқанда, ерін тартылып, екі езу кейін тартылып құлаққа қарай жылжитынын, ашық, қысаң дыбыстарды айтқанда жақтың кең, тар ашылуын оқушылардың өздері қорытындылайды. Осындай тәсілмен дауысты дыбыстардың иектің, тілдің, еріннің қызметіне қарай жіктелуін анықтайды. Бұл тәсіл оқушыларды жаттандылықтан аулақтататып, олардың есте сақтау қабілетін дамытып, қызығушылығын оятады. Осындай тәжірибе арқылы оқушыларды іздендіріп, ой-өрісін кеңейтіп, қорытынды жасауға итермелейміз. «Дауысты дыбыстардың жіктелуі» тақырыбына тірек сызба жасап, сұрақ-жауап әдісімен ой қорытамыз.

1.Тілдің қатысына қарай	а) Жуан(гуттураль) дауыстылар: а,о,ұ,ы,у ә) Жіңішке (палаталь) дауыстылар:ә,ө,ү,і,е,у,и
2.Еріннің қатысына қарай :	а) Еріндік дауыстылар: о,ө,ү,ұ,у. ә) Езулік дауыстылар: а,ә,ы,і,е,и.
3.Жақтың қатысына қарай:	а) Ашық дауыстылар: а,ә. ә) Жартылай ашық дауыстылар: о,ө,е. б) Қысаң дауыстылар: ү,ұ,і,ы,и,у

Білім берудің жаңа мазмұнын оқу әдісіне енгізудегі Ж.Қараевтың технологиясының мақсаты: әркімді мүмкіндігіне сай оқыту, әртүрлі топтағы оқушыларды ерекшелігі бойынша оқуға бейімдеу. Деңгейлеп-саралап оқытуда оқушыларды екі-үш топқа бөліп, топ басшыларын тағайындаймыз. Олар сол деңгей бойынша орындалған жұмыстың нәтижесін оқытушының көмегімен қорытындылайды. Деңгейлік тапсырмалар оқушылардың жас ерекшелігі мен ақыл-ой деңгейі бойынша үлестіріледі.

Дыбыстар бойынша деңгейлік тапсырмалар

I деңгей

1. Дауысты дыбыстар дегеніміз не?
2. Дауысты дыбыстардың тілдің қатысына қарай жіктелуі

3. Орыс тілінен енген (э, у, и) дауысты дыбыстарға мысал келтір

4. Төмендегі нақыл сөздерді оқып, дауысты дыбыстарды тап.

Жақсымен дос болсаң,

Алдыңнан шығар елпектеп...

Жаманмен дос болсаң,

Сыртыңнан жүрер өсектеп

(М.Өтемісұлы)

II деңгей

1. Дауысты дыбыстарды иек (жақ) қатысына қарай жіктелуі.

2. Қазақ тіліндегі тоғыз жалаң (монофтонг)- дауысты дыбыстарды анықта.

3. Мына сөздердің қайсысында у, и дыбыстарының жуан, жіңішке екендігін көрсет. Исатай, игілік, иек, дария, саяси, уақыт, екеу.

Балалардың маңызды әрекеттерінің бірі – ойын. Сюжетті ойын түрлерін ұйымдастырғанда («Почта», «Кітапхана», «Достық») баланың тілін дамытып, адамгершілік сапаларын, еңбек дағдыларын қалыптастырған жөн.

Сабақтың тақырыбы: «Ә дыбысы мен әрпі»

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушыларды ә әрпінің таңбасымен таныстыру. Дыбыстық фонемалық қызметін модельдеу арқылы өтілген дыбысты қатыстырып сөз, сөйлем құрату.

2. Жеке сөздерді оқуға, біртіндеп сөзді тұтас оқуға, сөз тізбектері мен сөйлемдерді дұрыс әрі тез оқуға дағдыландыру. Мәнерлеп оқуға, түсінгенде-рін айтуға үйрету.

3. Қазақтың қолөнерін таныстыра отырып, оқушыларды еңбекке тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ.

Әдістемелік тәсіл: Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнату, мадақтау.

Көрнекі құралдар: суреттер, текшелер, ою-өрнектер, әріптер, ұнтаспа, ұршық.

Сабақтың барысы

I. Ұйымдастыру сәті:

- Балалар, сәлемдесу туралы мақал-мәтелдерді еске түсірейікші. «Сәлем – сөздің анасы - әдептілік белгісі». Сәлем бергенде біз бір-бірімізге жылы жүзбен, ақ көңілмен хал-жағдайымызды сұрап, жылы сезімімізді білдіреміз. Ал, ендеше, жылы шыраймен сәлемдесіп, бір-бірімізге жылуымызды берейік.

1. Балалар бір-бірімен қол беріп амандасады.

2. Аталармен ер балалар «Ассалаумағалайкум» деп, оң қолын кеудесіне қойып, бас иіп барып амандасады.

3. Қыздың үлкендермен сәлемдесуі

- Сәлеметсіз бе, ата Есенсіз бе ? - деп кеудесіне қолын қойып ізет ету.

II. Үй тапсырмасын тексеру

Екі топқа бөліну. «Ақ бота», «Қарлығаштар».

1- сұрақ «Ақ бота» тобына.

– I дыбысы кездесетін сөздерді атаңдар (ін, ірімшік, іс, тіс, ешкі, елік).

2- сұрақ «Қарлығаштар» тобына.

– Мына сөздерде і әрпі нешінші буында естіледі Желім, ешкі, етік, темір.

3 - сұрақ «Ақ бота»

– Қандай әнші құстарды білесіңдер (бұлбұл, бозторғай).

4 - сұрақ «Қарлығаштар»

– Ең алғаш хат тануға арналған кітап, тұңғыш оқулық қалай деп аталады (әліппе)

5 - сұрақ Сурет бойынша әңгімеле.

III. Жаңа сабақ.

• Үнтаспадан мына мәтінді тыңдау.

Толқынның әжесі 65 жаста. Ол өте ажарлы, әрі шебер. Бүгін ол кісі немересі Ертайдың әскерге кету тойына келді. Ертайдың жанұясы ауылға киіз үй тікті. Бұл киіз үйде ауыл ақсақалдары, сыйлы қонақтар қымыз ішеді, әрі тамақтанады. Ал, жастар жазғы үйде домбыра тартып, көңілді отырмақшы. Толқын киіз үйге сырмақ, текемет, кілемдерді төсеп, әжесіне көмектесті. Әр

киізде ұлттық ою-өрнек бейнеленген. Толқын ою-өрнектер жайлы әжесіне сұрақтар қойды. Әжесі сұрақтарын жауапсыз қалдырған жоқ.

– Мәтін кім туралы? (Әже)

1. Оқулықтағы суретпен жұмыс:

- Суреттен кімді көріп тұрсындар?
- Әже деп кімді айтамыз?
- Әжеміздің қолында не бар? (Ұршықты көрсету, сырмақ туралы айту).

«Әже» – сөзін айтып көрейікші, қандай дыбыс естіледі? Ә - қазіргі әліпбиіндегі екінші әріп. Ауыз мол ашылып, тіл мен иектің төмен түсуінен пайда болатын жіңішке, ашық, езулік дауысты дыбыстың таңбасы. Көбінесе сөздің бірінші буынында қолданылады.

1. Ә әрпінің баспа, жазбаша түрін көрсету.

2. Ә дыбысына берілген сөздерді оқу, беретін мағынасын ашу, түсіндіру.

- Әже – әжесінің шешесі, үлкен шеше.
- Әке – балалы болған ер адам.
- Әлем – жер жүзі, дүние жүзі, жиһаз.
- Әсем – әдемі, көрікті, көркем.
- Әуе – жер үстін қоршаған көк күмбез аспан.
- Әдемі – көркем, сұлу, әсем.
- Сәнді – көркі келісті, әдемі.
- Дәмді – бабымен дайындалған тәтті, жұғымды тағам.
- Ән – музыкалық шығарманың әуені, сазы.
- Сән – әдемі, жарасқан.
- Әнші - әнді орындаушы адам.

3. Осы сөздердің ішінде Әке, Әже дегенді көкпен қоршап қойған. Ол сөздерді ерекше есте ұстауымыз керек.

4. Мәтінді оқу. «Әже»

5. Сергіту сәті

Таң әлі атқан жоқ,

Маңай әлі қараңғы.

Әтеш ерте оянып,
Жан-жағына қарады.
Шынықтырып денені,
Қанаттарын қағады.

Ку-ка-ре-ку тұр-тұрлап,
Оятады баланы.

6. Оқудың түрлері.

- Теріп оқу.
- Буын санына байланысты оқу.
- Әріп санына байланысты оқу.
- Көлденеңінен оқу.
- Тігінен оқу.
- Тауып оқу.
- Бір буынды сөздерді оқу.
- «Ә» дыбысы бар баланың атын оқу.
- Туыстықты білдіретін сөздерді теріп оқу.

7. «Мен әдепті баламын» әнін ұнтаспадан тыңдау.

8. Дамыта оқытуға арналған тапсырмалар

а) Сөздерді сызықшамен буынға бөліп көрсет.

Әншілер, әпкелер, бәйбішек.

ә) Сөзде неше әріп бар екенін цифрмен көрсет.

Ән, сән, әке, мәсі, дәрі, әріп, әскер, әже.

б) Жалғасын тап.

Қол- , жұм- , шә- , бай- , дә- , әй-

в) Сөздердегі дауысты дыбыстардың астын сыз.

Әлем, әсем, әдемі, әнші, әтеш

г) Сөздердегі дауыссыз дыбыстардың астын сыз.

Дәптер, тәртіп, тәулік, жәшік.

9. Сабақты қорытындылау.

- «Ақ бота», «Қарлығаштар» тобының жұмысына баға беру.
- Марапаттау.

10. Үйге тапсырма.

2.2. Буын және оның түрлерін дидактикалық ойындар арқылы оқыту

Сабақтың тақырыбы. Буын түрлері

Мақсаты: I. Оқушылардың буын түрлері туралы түсінік беріп, жаттығу жұмысы арқылы бекіту.

2. Фонетикалық талдау дағдысын одан әрі жетілдіру, сөйлеу мәнерін, ойлау қабілетін, белсенділігін, қызығушылығын дамыту.

3. Өнердің күдіретін, ана тілінің байлығын сезініп, құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ұнтаспа, теледидар, видео, қима қағаздар, әл-Фараби суреті.

Сабақ әдістері: сұрақ-жауап, көрнекілікпен жұмыс, әр түрлі ойындар

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

2. Үйге берілген тапсырманы тексеру.

Сұрақ-жауап арқылы

1. Буын дегеніміз не?

2. Буынға тән белгіні ата.

1. Дауысты дыбыстың бір өзі де буын бола алады.

2. Бір буында бірден артық дауысты дыбыс болмайды.

3. Буында мағына болмайды.

4. Қазақ тілінде басқы буын ғана дауыстыдан болуы мүмкін, қалған жағдайларда буындар дауыстыдан басталмайды. Тасымалдың дауыстыдан басталмауы сондықтан. *Дауыс* сөзін буынға бөліп көрелік. Да-уыс, дау-ыс емес.

5. Сөздердің айтылуындағы буын саны мен жазылуындағы буын саны әрқашан бір-біріне сай келуі шарт емес. Мысалы:

Айтылуы жазылуда


Сарыарқа Са-ры-ар-қа

Тақтамен жұмыс. Абайдың «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» Өлеңінің бір шумағы буынға бөліп жазылады. *Өлең* – сөзіне фонетикалық талдау жасалады.

Ө-лең сөз-дің пат-шасы, сөз са-ра-сы,
Қи-ын-нан қи-ыс-тыр-ар ер да-на-сы,
Тіл-ге же-ңіл, жү-рек-ке жы-лы ти-іп,
Теп-те-гіс, жү-мыр кел-сін ай-на-ла-сы

Қорытындылау. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болады.

Жаңа сабақ. Буын жеке дауыстыдан және дауысты мен дауыссыз дыбыстардың тіркесінен жасалатын болғандықтан, оның құрамы үнемі бір қалыпты болмайды. Осыған орай буынды үш түрге бөлеміз.



Оқулық пен жұмыс. Ашық, тұйық, бітеу буынның жасалу жолын кітаптан оқу.

Кадоскоп арқылы сөйлемдегі буын түрлерін ауызша ажырату:

Жоғары руханият - жеңілмес күш (И.Каримов)

Тақтамен жұмыс. Буын түріне ажырат.

1.«Руханият — адамның өсіп-ұлғаюының және күш-қүдіретінің қайнар көзі». (И.Каримов)

2. Ел жетіліп көркеймек,

Өнер қанат жайған соң (С. Торайғыров)

85-жаттығу. Өздік жұмыс.

1.Теледидардан Әл-Фараби жайында тыңдау. Мәтінді тыңдау, не жайында екенін әңгімелеу. Топпен жұмыс.

I топ. Зертте. Әл-Фараби – дүние жүзіне әйгілі ұлы ғұлама.

II топ. Салыстыр. Мәтіннен буын жігі ауысқан сөздік тап.

III топ. Қолдан. Ашық буынды мәтіннен теріп жаз.

IV топ. Қолдан. Тұйық буынды мәтіннен теріп жаз.

V топ. Қолдан. Бітеу буынды мәтіннен теріп жаз.

Сергіту. «Жаңылдырсаң да жаңылмаймын» атты ойын ойналады.

1. Қай буында дыбыс көп болады? Ашықта ма, тұйықта ма, бітеуде ме?

2. Бота мен қозы ұқсас екен дейді. Олар қалай ұқсас бола алады? - Ашық буын.

Кубикпен фонетикалық талдау жасату

Талап; Еңбек; Терең ой; Қанағат; Рақым.

Осы сөздерге байланысты Абайдың қандай өлеңі бар еді? Мәнерлеп оқыту.

Ой шығару. Пікір айт. 84-жаттығу. Мәтінді оқып, пікірін жазу.

1. Өздерің болашақта қандай маман болуды қалайсыңдар? Сол мамандықтарыңа ана тілі қажет деп ойлайсыңдар ма?

Сабақты бекіту

Білемін	Білдім	Білгім келеді

Аз буынды, көп буынды сөздер

Бір буынды ...

Екі буында ...

Үш буынды...

Төрт буынды...

Үйге тапсырма. Буын түрлері. 86-жаттығу. Бағалау кезеңі.

2.3. Фонетикадан қайталау сабағын ойын әдісімен өтудің үлгілері

1-үлгі

Фонетиканы жан - жақты түсіндіріп тақырыптарды түгел өткеннен соң, қайталау сабақты ойын түрінде өтуге де болады.

Бала жаны қашан да ойынды ұнатады емес пе, сондықтан білімгерлер білім деңгейін байқауда әрі алған білімін одан әрі кеңейтуде ойын сабақ өте тиімді.

Біріншіден, оқушыларды үш 3 топқа бөліп отырғызып аламыз. 18 білімгер болса, 6-дан топ құрайды. Оқушылардың әрбір тобына ат қоямыз.

- Балалар, сіздермен бүгін фонетика саласын қайталауда «Бес» деген ойын түрінде сабағымызды жүргіземіз - деп бастаймыз.

1. топқа - Білгір,

2. топқа - Епшіл

3. топқа - Сезгір - деп ат қойып шығамыз.

Ойын шартында қайсы топ жеңіске жетсе, сол топтың барлығына «5» бағасын қоямыз, - дейміз. Бұл ойынға оқушылардың қызығары сөзсіз.

Білгір топқа

1. Фонетика қандай сала?

Епшіл топқа

2. Тіл дыбыстары қалай жасалады?

Сезгір топқа

3. Әріп не?

Осылайша үш сұрақты әр топқа беріп, дұрыс жауапқа I баллдан қойып барамыз.

1. Дауысты дыбыстарды атап беріңіз.

2. Дауысты дыбыстар тіл қатысына қарай қалай бөлінеді? Аттарын атаңыз.

3. Ашық - қысаң дауыстылар қайсылар?

II. 1. «Отан от басынан басталады» - мақалдағы жуан дауыстылар нешеу?.

2. «Еңбек түбі - мереке». Мақалда неше жіңішке дауысты дыбыс бар?

3. «Кітап - білім бұлағы» мақалда неше езулік дауысты бар?

III. 1. Дауысты дыбыстар дегеніміз не?

2. Дауыссыз дыбыстың неше түрі бар?

3. Буын дегеніміз не?

IV. Қима қағаздар тарқату - 2 балл қоямыз.

1. *Мен, пен* - қосымшаларын жалған мысал келтіріңіз.

2. *Нікі, дікі, тей, дар, еке, бей, наз, кей* - қандай қосымшалар

3. Бұл қайсы ықпалға мысал?

Ала қап - алағап

Көк гүл - көк күл

8. Ашық буынға мысал «қасиетті сөз».

V. Дауысты дыбыстардан және дауыссыз дыбыстардан қиылған кесінді әріптерден ашық, бітеу, тұйық буындарға сөзбен мысалдар құрастыру.

1. Әке, аға, әже, бала

2. от, ол, өт, үй, ін

3. Бас, бел, тіл, тұр, жас.

Тақтада алған бағалары жазылып, қосылып барады:

Білгір $1+1+ 1+ 2+ 2+ 5+ 1 = 13$

Епшіл $1 +0+1+1+ 3+2+ 2 = 10$

Сезгір $1+ 0+ 1+1+ 3+4+ 0 = 10$

1. «Білгір» тобы 13 ұпай алды. Бұл топқа толық «5» бағасы қойылады. Ал, басқа сабаққа белсене қатнасқандарды да бағалап, сабақты аяқтаймыз.

2-үлгі

Фонетикадан өткенді қайталау

I топ-"Сұңқар" II топ -"Лашын" "Сөзден сөзге" ойыны

Ойынның мақсаты: сөздік қорын кеңейту, есту қабілетін арттыру.

I. Қ әрпінен басталатын қазақтың ұлттық тағамдарын атаңдар.

II. Қ әрпі сөздің басында, ортасында, соңында кездесетін қазақтың ұлттық тағамдарын атаңдар.

"Білімдан" /Эрудит/ ойыны

Әр топтан екі адамнан қатысады. Қораптың ішіндегі әріптерді 5 қатарға бөліп қою қажет. Мысалы: 1-қатарға жуан дауыстылар, 2-қатарға жіңішке дауыстылар, 3-қатарға ұяң дауыссыздар қойылады.

"Блиц" ойыны. Әр топтан екі ойыншы шығады. Қағазда көрсетілген буындар сөздің кез-келген жерінде болуы мүмкін. Ойыншылар әр сөз үшін бір фишкіден алады.

дү ші кен қо шы ла ау

ға зы ба би па қа та

Мақал-мәтелдер берілген, соның мазмұнын түсіндіріп, дауысты дыбыстарды тауып, оларды түр-түрлері бойынша талдап жазу. Тақтаға схема ілінеді.

I топ. *Ата сөзін атаусыз қалдырма, аға сөзін аяқсыз қалдырма.* (а, ө, і, ы).

II топ. *Наннан үлкен ас жоқ.* (а, ү, е, о).

Жұмбақтар әлеміне саяхат.

1. Сұрақтарға жауап берсек, баспалдақ сайын жұмбақтар есігі ашылады. Сосын ішіндегі жұмбақтарды шешіп, жұмбақтың әр жолын буынға бөліп, шартты белгілермен белгілеу.

I. *Ая-ғы жер ті-реп,*

Тая-ғы кек ті-реп тұр. /киіз үй/

II. *Қа-быр-ға-сы тор көз,*

Тө-бе-сін-де зор көз. /кереге, шаңырақ/

Білімгерлерге $A \diamond A$, $A \diamond$, $\diamond A \diamond$ сызбаны ұсына отырып, тірек дыбыстарды ғана белгілеп, сөз жасату арқылы оқушылардың белсенділігін арттырамыз.

1. $A \diamond A$ ата, апа, аға, ана, аса, аша, ара, ауа.

2. $A \diamond$ ақ, ал, аш, ас, аз, ат, ар, ай, ау.

3. $\diamond A \diamond$ қас, қаш, қаз, қан, қал, қат, қар.

қас+у, қаш+у, қаз+у, қан+у, қал+у, қат+у, қар+у.

Бұл сызбаларға дыбыстар қоса отырып, лексикалық мағынасы бар сөз тізбегін жасатуға болады. Білімгерлер сөз мағынасына көңіл бөле отырып, сөз тіркесін жасайды. Егер оны сызба түрінде белгілесек, сөйлем мүшелерінің орын тәртібін сақтай отырып, сөйлем құратуға дағдыландырамыз.

$A \diamond \diamond A - A \diamond A \diamond$

Алма - ағаш

$A \diamond \diamond A - \diamond A \diamond \diamond A \diamond + \diamond A \diamond A + \diamond A \diamond$

Алма - көп жылдық ағаш

Асан – білімгер

$A + \langle A \rangle - A + \langle A + \langle A \rangle$

Сөйлемдегі сөздерден алма ағаш, көп жылдық ағаш, жеміс ағашы т.б. бірнеше сөз тіркесін жасата отырып, грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуді үйретеміз. Мәтінмен, сөздікпен, оқулықпен жұмыс жүргізуде қабілеті қандай екендігін анықтаймыз. Мәтіндегі сөз мағынасына көңіл бөле отырып, ұғымға ауыр сөздерді дәптерлеріне жазғызып, монолог, сұхбат арқылы оқушылардың тілін дамытамыз.

Қорыта айтқанда, заманагөй педагогикалық технология әдістерімен өтілген сабақтар да бірге істесу педагогикасының талаптарына сай жоспарланады және өткеріледі. Онда қолданатын оқыту технологиясы сабақтың адамгершілік сапасына, демократиялық негізде өткерілуін қамтамасыз етуге қаратылған болады. Сабақ оқытушы мен оқушылардың тең хуқықты, еркін түрде, жедел шығармашылық бастамада бірге істесуіне негізделеді. Білімгер сабақта бірнеше жаңа міндеттерді орындайды. Сабақта жоспарлауға, басқаруға, алып баруға, сабаққа өзгерістер кіргізуге жедел қатынастырылады. Білімгер үйренуші, тынбай ізденуші, ерінбей зерттеуші дәрежесіне көтеріледі, сабақтың бас субъектіне айналады. Оқытушының білімді білімгерлерге таптыруы, білімді оқушылардың өз бетінше иелеуі, сабақты жобаластыру, өткеру қорытындылау, сабаққа баға беру істеріне оқушыларды белсене қатнасу, олардың дұрыс пікірін, орынды ұсыныс, әділ сынын есепке алу заманагөй сабақтарды ең негізгі өзгешеліктері болып табылады.

Қ о р ы т ы н д ы

Өзбекстан Республикасының «Білімдендіру заңы» мен «Кадрлар дайындаудың ұлттық бағдарламасында» білім берудің үздіксіздігін қамтамасыз етеді, еліміздің ұзақ мерзімге арналған білім беру саясатын дамытудың негізін қалайды. Әлемдік тәжірбе көрсеткендей, білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу білімнің үздіксіздігінде.

Енді қазіргі мектептің мақсаты: әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру. Білім берудің дамытудағы стратегиялық басымдықтарды белгілеу, жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдыларын негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін - өзі іске асыруға, өзін - өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жек тұлғаны қалыптастыру.

Заманагөй педагогикалық технология әдістерімен өтілген сабақтар да бірге істесу педагогикасының талаптарына сай жоспарланады және өткеріледі. Онда қолданатын оқыту технологиясы сабақтың адамгершілік сапасына, демократиялық негізде өткерілуін қамтамасыз етуге қаратылған болады. Білімгер сабақта бірнеше жаңа міндеттерді орындайды. Сабақта жоспарлауға, басқаруға, алып баруға, сабаққа өзгерістер кіргізуге жедел қатнастырылады. Білімгер сабақта жай қатнасушы, бақтаушы және орындаушы болмай, сабақты шебер ұйымдастырушы білімді ынтамен үйренуші, тынбай ізденуші, ерінбей зерттеуші дәрежесіне көтеріледі, сабақтың бас субъектіне айналады. Оқытушының білімді білімгерлерге таптыруы, білімді оқушылардың өз бетінше иелеуі, сабақты жобаластыру, өткеру қорытындылау, сабаққа баға беру істеріне оқушыларды белсене қатнасу, олардың дұрыс пікірін, орынды ұсыныс, әділ сынын есепке алу заманагөй сабақтарды ең негізгі өзгешеліктері болып табылады.

Фонетиканы оқыту арқылы білімгер әдеби тіліміздің дыбыстың жүйесін білумен қатар, көптеген дағдыларды игереді. Білімгерлер тілдің дыбыстық жүйесін, буын, тасымал, сөздердің дұрыс жазылуы мен айтылу ережелерін жақсы білумен қатар, сауатты жазу мен дұрыс сөйлеу нормаларына жаттығып, ол заңдылықтарды күнделікті өмірде пайдалануға дағдыланады, тілдің дыбыстық жүйесін саналы түрде меңгерді.

Тіл дыбыстарын оқып үйренгеннен кейін оқушылардың мынадай дағдыларды игеруге қабілеттері жетуге тиіс:

- 1.Тіл дыбыстары тілдің негізгі құрылыс материалы екенін біледі;
- 2.Дауысты дыбыс пен дауыссыз дыбыстың негізгі белгілерін , құрамын меңгереді;
- 3.Дауысты дыбыстардың айтылу ерекшеліктерін біледі;
4. Әрбір буында дауысты дыбыс болуы шарт екендігін біледі;
5. Дауысты дыбыссыз сөз жасалмайтындығына көзі жетеді.
- 1.Кейбір сөздердің айтылуындағы және жазылуындағы ұқсастықтарын ажыратып, тілдің орфографиялық, орфоэпиялық өзіндік ерекшеліктерін танып, өз ойын дәлелдеуге шама-шарқы жетеді.
- 2.Дауысты дыбыстардың акустикалық, артикуляциялық ерекшеліктерін түсіне біледі.
- 3.Дауысты дыбыстарды дұрыс айту, сөз екпінін дұрыс қоя білуге жаттығады.
- 4.Сөздің графикалық таңбасы мен айтылудағы айырмашылығын, сондай-ақ әдеби тіліміздегі сөздердің кез келгеніне әрі дыбыстың, әрі әріптік талдау жасауға шамасы келеді.
- 5.Сөздің айтылуындағы және жазылуындағы буындық ерекшелігін ажырата алады.
- 6.Буын мен тасымалдың ара қатынасын жақсы ажыратумен қатар өзінің сауатты жаза білуіне де ерекше назар аударады.

7.Алфавит тәртібін дұрыс меңгеру арқылы түрлі сөздіктер мен анықтағыштарды пайдалануға мүмкіндік алады.

8. Дыбыс заңдылықтарын жақсы білген білімгер кез келген прозалық және поэзиялық туындыларды дұрыс мәнерлеп оқи алады.

Қорыта айтқанда, бұл дағдыларды қалыптастыруда оқытушының шеберлігі мен инновациялық іскерлігі орнын жоғарыда жан-жаққы талдап өттік. Әрине, білімгер тілдің дыбыстық жүйесін, соның ішінде дауысты дыбыстарды жақсы білу арқылы әдеби тілдің нормасын игеріп, ауызша да, жазбаша да сауаттылық дәрежесі артады.

Глоссарий

Фонетика – тілдің дыбыстық жүйесін зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

Фонема – сөздер мен морфемаларды бір-бірінен мағына және форма жағынан ажыратуға септігі бар тілдің ең кішкене функционалды бірлігі.

Дауысты дыбыстар - айтылғанда өкпеден ауа ешбір кедергісіз, екпінсіз шығып, үннен ғана тұратын дыбыстар.

Дауыссыз дыбыстар - айтылғанда өкпеден ауаның кедергіге ұшырауынан жасалатын дыбыстар.

Буын – фонациялық (өкпеден шыққан) ауаның кілт үзілуінің не кедергіге ұшырауының нәтижесінде пайда болатын сөздердің жігі.

Үндестік заңы – түбір сөзбен қосымшаның жігіндегі және сөз аралығындағы көрші келген дыбыстардың ыңғайласып, біріне-бірімен үйлесіп, біркелкі болып қолданылуы.

Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу — мұғалімнің педагогикалық қызметі айқындауға мүмкіндік беретін оның кәсіби шеберлік жиынтығы деңгейін анықтайтын әдіс.

Арнайы бақылау — бұл зерттелетін құбылыс суретін талдамалы түрде қарастыруға әкелетін әдіс.

Ашық сауал — мұнда жауаптар сипаты мен саны, олардың түрлері мен формалары алдын ала қарастырылмаған.

Әдістемелік және теориялық негіз — зерттеу негізіне жататын негізгі теориялар мен әдістемелік ережелер.

Әдістемелік зерттеулер — зерттеу нәтижелері эмпириялық деңгейде тәжірибені жинақтаумен, ережелерді қалыптастырумен, педагогикалық қызмет нормаларын айқындаумен, деректер алумен, оны талдау және жүйелеумен айқындалады.

Бағдарлама – қазақ тілін оқытуда арнайы құрастырылған жоспарлар.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі – қазақ әдеби тілінің маңызын, оқу әдістерін, амалдарын оқушыға ана тілінен білім берудің оны меңгертудің жолдарын үйрететін ғылым.

Бақылау — зерттеушінің материалдарға ие болу үшін кейбір педагогикалық құбылыстарды мақсатты түрде қадағалауы.

Ғылыми жаңалық — бұрын басқалар зерттемеген және енгізбеген тың қорытынды, нәтижелер.

Дидактикалық бақылау — бақылау нысаны ретінде оқыту процесі тұтас енеді.

Дөңгелек үстелдер — белгіленген мәселе бойынша пікір алмасуды қарастыратын педагогикалық тәжірибені зерттеу түрі.

Жеке әдістемелік бақылау — ғылыми қабылдау нысаны ретінде белгіленген пән бойынша нақты оқу үдерісі болуы мүмкін.

Жетекші идея — зерттеудің белгіленген позициясы мен тұжырымды негізі.

Зерттеу нысаны — мәселелік жағдай тудыратын үдеріс немесе құбылыс.

Зерттеу көздері — ғылыми және арнайы әдебиет, мұражай құжаттары мен жасалған жұмыс қорытындылары.

Зерттеу әдістері — негізгі кезеңдер, зерттеу қызметінің мерзімдері.

Зерттеу кезеңдері мен процедурасы — нәтижелер алғашқы алынған, басқалар мен бұрын зерттелмеген және қабылданбаған.

Зерттеу нәтижелерін сынау мен енгізу — кез келген ғылыми-зерттеудің қорытынды кезеңі, зерттеу қызметінің соңғы нәтижесі. Құрылымды тәжірибе әдістерін әзірлеу — болжамды, анық, тура дәлелдеуге қажет әдістерді іріктеу, мақұлдау. Мұндай әдістер сенімді, негізделген, зерттелген құбылысқа ықпал жасауға немесе өзгертуге жағдай тудыратын және оқу үдерісі сапасын арттыру мен жақсартуға көмектесетіндей болғаны жөн.

Мақсат — жоспарлы нәтиже.

Мәселе — шешім қажет ететін және оған арнайы ғылыми тәжірибе жүргізбей дұрыс жауап беру мүмкін емес өзекті және өмірлік сұрақ.

Мәселені нақтылау — тәжірибенің табысты аяқталуы үшін оның барлық мақсаттары мен міндеттерін анықталған және анық түрде құрастыру қажет.

Егер де бұл орындалмаса, тәжірибенің түпкі мақсатқа жеткенін және басқа да жоспарланған нәтиженің алынғанын анықтау қиынға соғады.

Міндеттер — зерттеу жүргізудің және ұйымдастырудың басынан аяғына дейінгі дәйекті кезеңдері.

Нақтылығы мен негізделгендігі — жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңыздылығын анықтайтын талаптар.

Іздеушілік бақылау — зерттеушінің көңіл бөлген құбылыстар мен деректерді табу үшін қолданылады, бірақ ұқсассыз жағдайларда дара көрініс табады.

Кесімді бақылау — үзілмелі бақылау, бақылау объектісі белгілі бір уақытта ұзақ жетіледі.

Қалыптасқан сұхбат — белгілі бір кезекпен ұсынылатын қалыптасқан сұрақтардан тұрады.

Қалыпты сұхбат — зерттеушінің сұрақтарды алдын ала ойластыруы.

Құрастырылуы мен ұсынылу тәртібі, кейіннен, әңгіме барысында, өзгеруі мүмкін.

Өз-өзін бақылау - өз-өзіне бақылау жүргізу.

Рейтинг — білікті адамдар көмегі арқылы жеке тұлғаның қасиеттерін бағалайтын сызба. Белгіленген сызба бойынша кез келген құбылысты субъективті бағалауға болады.

Сауалдар — толтыратын адам туралы кейбір мәліметтерді алуға арналған сұрақ парағы.

Сауалнама — сауал арқылы көпшілік материал жинастыру әдісі.

Сұхбат — ауызша сұрау арқылы ақпарат алу тәсілі.

Сұхбаттасу — әңгіменің бір түрі; зерттеуші белгілі тәртіппен берілетін, алдын ала дайындалған сұрақтарға сүйенеді.

Тәжірибелік маңыздылығы — тәжірибелік қызметке арналған, алынған нәтижелер қорытындысы, ұсыныстар; оқу-тәрбие үрдісіне табысты әсер ететін дәрежелер.

Тест жүргізу — жеке тұлғаның салыстырмалы көрсеткіште психологиялық қасиеттерін, сонымен бірге білімін, дағды іскерлігін өлшеуге арналған стандартты тапсырмалар әдісі.

Тікелей бақылау — зерттелуші бақылау барысында тікелей көрген деректерді тіркейді.

Өзін-өзі бағалау әдісі — жеке тұлғаға өзі баға беруде, өз мүмкіндіктерін, қасиеттері мен басқа адамдар арасындағы орнын анықтауға көмектесетін әдіс.

Өзара әрекет талдау — бақылаудың бір түрі, оның көмегі арқылы адам мінез-құлқының ішкі көрінісі, коммуникациясын, ақпарат алмасуын, келісу мен келіспеушілік, ұжымдар мен жеке тұлғаға қатынасы зерттеледі.

Шығармашылық семинарлар — алдыңғы қатарлы озың педагогикалық тәжірибелер талқыланатын педагогикалық тәжірибені зерттеу түрі.

Эмпириялық суреттемені зерттеу. Бұл зерттеуде аз зерттелген нысандар немесе құбылыстарға қатысты кейбір жаңа деректер тәжірибелік жолмен алынады және суреттеледі.

Эмпириялық түсіндірмелі зерттеу — жинақтау мен талдау ғана емес, алынған деректерге түсіндірме беру. Зерттеудің диагностикалық қосымшалары сауалнама

Пайдаланған әдебиеттер

1. Каримов И.А. Жоқары мәнауият – жеңилмес күш. Т., Маънавият, 2008
2. Каримов И.А. Баркамол авлод орзуси. –Тошкент, Узбекистон, 1999
3. Абдиреймова Т. Қазақ тілін проблемалы оқытудың тиімді жолдары, Нөкіс. «Қарақалпақстан», 2009
4. Аралбаев Ж. Вокализм казахского языка. А. 1970
5. Бектұров Ш. Қазақ тілі. Лексика. Фонетика. Морфология. Синтаксис. Алматы, «Атамұра»,2006
6. Жүнісбеков А. Сингорманизм в казахском языке. А.. 1980
7. Исабаев А. Дыбыс жүйесінде өтілетін сабақтар. Қазақ тілі оқытушыларының іс-тәжірибесінен жинақ. Алматы. 1995
8. Исабаева Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері, Алматы, 1993
9. Исабаева Ә. Қазақ тілін оқыту формалары. Тошкент, 1990
10. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқыту методикасы. Ташкент -2003
11. Қараев М.Ә.. Қазақ тілі. Фонетика, лексикология, морфология, синтаксис. Алматы. «Ана тілі» 1993
12. Кеңесбаев І. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1987
13. Кудьярова Ш. Қазіргі қазақ тілін оқытуда жаңа технологияның тиімділігі. Нөкіс «Қарақалпақстан», 2009
14. Мейірманқұлова Т. Білім берудегі инновациялық технологиялар. Алматы, 2005
15. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы А. 1993
16. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі. Алматы. 1999
17. Пахратдинов Ә. Педтехнология тийкарлары. Нөкіс. 2009
18. Ұйықбаев И. Мектепте қазақ тілін оқыту мәселелері. А. 1997
19. Томанов М. Қазақ тіліндегі салдыр шұғыл дауыссыздар. Алматы 1981
24. [www. Ziyonet.uz](http://www.Ziyonet.uz)
25. www.edunet.uz

МАЗМҰНЫ

Автодың аннотациясы	3
Кіріспе	6
І Т а р а у. Қазақ тілі дыбыс жүйесін оқытудың өзіндік ерекшеліктері	
1.1. Фонетикалық талдауға оқушыларды дағдыландыру	9
1.2. Дыбыстардың емлесін оқытудың маңыздылығы	16
1.3. Буын жүйесін талдау жолдары	24
ІІ Т а р а у. Қазақ тілі дыбыс жүйесін оқытуда инновациялық технологиялардың тиімділігі	
2.1. Дауысты дыбыстарды оқытуда жаңа педагогикалық технологияның тиімділігі.....	29
2.2. Буын және оның түрлерін дидактикалық ойындар арқылы оқыту	36
2.3. Фонетикадан қайталау сабағын ойын әдісімен өтудің үлгілері.....	39
Қорытынды	44
Глоссарий	47
Пайдаланған әдебиеттер	51